

## Манометрлер

Мысалдар:



213.40 үлгі

432.56 үлгісі,  
100 барға дейінгі  
артық қысымнан  
қорғау

732.14 үлгісі,  
400 барға дейінгі  
артық қысымнан  
қорғау



Part of your business

### Қысымы бар құрылғылар директивасына қатысты ескертпелер

- Қысым өлшегіштер "манометрлер" деп аталады
- WIKA манометрлерінің "қысымды қамтитын корпусардың" көлемі < 0,1 л
- Манометрлердің рұқсат етілген жұмыс қысымы > 200 бар болса, II қосымшасына және 1-диаграммаға сәйкес оларда сұйықтықтың 1-тобына арналған CE белгісі болады

Мұндай белгісі жоқ құрылғылар "Тиісті инженерлік-техниканың тәжірибенің" 4-бабының 3-тармағына сәйкес жасалады.

### Қолданылатын стандарттар (үлгіге байланысты)

- EN 837-1 Бурдон түтікті манометрлері, өлшемдері, метрологиясы, талаптар және сынақтан өткізу
- EN 837-2 Манометрлерді таңдау және орнату бойынша кеңестер
- EN 837-3 Мембраналы манометрлер, өлшемдері, метрологиясы, талаптар және сынақтан өткізу

Техникалық сипаттамалары: деректер парағын [www.wika.de](http://www.wika.de) сайтынан көріңіз

Техникалық өзгерістер орын алуы мүмкін.

© WIKAAlexander Wiegand SE & Co. KG 2009

This document was translated by a professional translator, and is, to the best of our knowledge, linguistically correct. WIKA points out that the translation has been made at the customer's request and has not been independently checked for technical correctness.

**TOO WIKA Kazakhstan**  
Raimbekstr. 169, 3rd floor  
050050 Almaty  
Tel. +7 727 2330848  
Fax: +7 727 2789905  
info@wika.kz  
www.wika.kz

09/2020 KK based on 2408976.06 12/2016 EN

## 1. Қауіпсіздік



### ЕСКЕРТУ!

Орнату, эксплуатацияны бастау және пайдалану алдында, өлшеу ауқымы, дизайны және арнайы өлшеу шарттарына сәйкес және тиісті ылғалдандырылған материалы (коррозия) бар манометр таңдалғанына көз жеткізіңіз. Көрсетілген өлшеу дәлдігі мен ұзақ уақыт тұрақтылығы қамтамасыз ету үшін, тиісті жүктеме шектеулерін ұстану керек.

Манометрлерді тек зауыт менеджері рұқсат берген білікті мамандар ғана орнатуы, қызмет көрсетуі және жөндеуі керек.

Оттегі, ацетилен, жанғыш немесе улы газдар немесе сұйықтықтар мен тоңазытқыш қондырғылар, компрессорлар және т.б сияқты қауіпті заттардан тұраты аймақтар үшін барлық стандартты ережелермен бірге, тиісті қолданыстағы заңдар мен ережелерді де ұстану керек.

EN 837 стандартының қауіпсіздік нұсқасына сәйкес келмейтін қысым манометрлеріндегі жоғары қысымды заттар құрамдас ақаулығы туындағанда, шытынаған әйнектен ағып кетуі мүмкін. Газды орта және > 25 бардан артық жұмыс қысымдары үшін EN 837-2 стандартына сәйкес S3 қауіпсіздік нұсқасы бар қысым манометрлері ұсынылады.

Сыртқы өрттен кейін қысымы бар құралдың жұмсақ дәнекермен жалғанған жерлерінен жылыстау орын алуы мүмкін. Барлық құралдар тексерілуі, қажет болса қондырғыны пайдалануға қайта бермес бұрын ауыстырылуы керек.

Тиісті ережелер еленбеген жағдайда, ауыр дене жарақатына және/немесе жабдық зақымнауына әкелуі мүмкін.

## 2. Механикалық байланыс

Қысым манометрлеріне арналған жалпы техникалық ережелерге сәйкес (мысалы, EN 837-2). Құралдарды бұрал бекіту кезінде, мұны орындауға қажетті күшті корпус арқылы қолданбай, осы мақсат үшін берілген тек ілмекті сомын кілттері мен ыңғайлы құрал қолданылуы керек.



Параллельді бұрандалар үшін жалпақ тығыздағыштарды, линзалы тығыздауыш сақиналарды немесе тығыздауыш бетінде WIKA профильді тығыздауыштарын пайдаланыңыз ①. Коносты бұрандалар үшін (мысалы, NPT бұрандалары) сәйкес қосымша тығыздауыш материалдарды, мысалы, ПТФЭ таспасын (EN 837-2) пайдалану арқылы тығыздауыш бұрандаларда ② жасалады.

Бұрау моменті пайдаланылатын тығыздауышқа байланысты болады. Өлшегіш құралды оны жақсы көрінетіндей етіп бағыттай үшін қысқыш ашасы немесе салмалы сомыны бар байланысты пайдалану қажет.



Қысым манометрінде үрлеп шығару құрылғысы орнатылғанда, оны қалдықтар және кірмен бітеліп қалмау үшін қорғау керек. Қауіпсіздік

манометрлерімен (көріңіз: Ⓢ) үрлеу арқасының артында > 15 мм бос орын болуы тиіс. Орнатудан соң ауа клапанын ашыңыз (қолжетімді болса) немесе CLOSE (Жабық) күйінен OPEN (Ашық) күйіне орнатыңыз. 4 және 7-ші үлгілерінде фланецті бекіту бұрандаларын ашпаңыз. Желдету клапанының нұсқасы үлгіге байланысты болады және жоғарыдағы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін!

### Орнатылатын жерге қойылатын талаптар

Егер өлшеу құралы тұратын жері жеткілікті түрде орнықты болмаса, бекіту үшін өлшеу құралының ұстағышын пайдалану қажет (мүмкін болса иілгіш капилляр арқылы). Діріл әсерлерін сәйкесінше орнату арқылы болдырмау мүмкін болмаса, сұйықтық толтыруға арналған құралдар пайдаланылуы керек. Құралдарды кесек кірлер мен орта температурасының үлкен көлемде ауытқуларынан қорғау керек.

732.14 үлгісінің алдыңғы тақтасын орнатуға қатысты ескертпе: алдыңғы тақта ортаға келтірілген элемент және бекіту тақтасындағы тесік қызметін атқарады. Қысымы бар жалғау түтіктерін салмақты көтере алатындай етіп бекіту керек.

### 3. Рұқсат етілген орта және жұмыс температуралары

Манометрді бекіткен кезде, конвекция әсері мен жылудың сәулеленуі, рұқсат етілген орта мен орташа температуралардан жоғары немесе төмен ауытқулардың болуы есепке алынуы керек. Дисплей дәлдігіне температураның әсерін бақылаңыз!

### 4. Сақтау

Манометрлерді механикалық зақымнан қорғау үшін олар орнатылғанға дейін өз қорабында сақталуы тиіс. Өлшеу құралдарын ылғалдылық пен шаңнан қорғаңыз. Сақтау температурасының ауқымы: -40 ... +70 °C  
PG23LT үлгісінің сақтау температурасының ауқымы: -70 ... +70 °C

### 5. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Манометрлерге техникалық қызмет көрсетудің қажеті жоқ. Өлшемнің дәлдігіне көз жеткізу үшін тұрақты жұмыстары жүргізілуі тиіс. Тексеру және реттеу жұмыстарын тек тиісті құрал-жабдықтары бар білікті маман ғана орындауы керек. Құралды бөлшектеу кезінде, ауа клапанын жабыңыз (қолжетімді болса).



**ЕСКЕРТУ!** Бөлшектенген қысым манометрлеріндегі қалдық заттар адамдарға, қоршаған ортаға және жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Жеткілікті сақтық шараларын қолданыңыз.